

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
2024-2025 оқу жылында ата-аналармен
атқарылған жұмыстардың жылдық есебі**

Мектептің негізгі мақсаты – оқушылардың сапалы білім алуы мен тәрбиелі болып өсуіне жағдай жасау. Бұл бағытта ата-аналар қауымдастығымен тығыз байланыс орнату, бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру маңызды рөл атқарады. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен тәрбиелеуге қатысуын арттыру, отбасы мен мектептің өзара байланысын жақсарту, балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің тиімді жолдарын анықтау ата-аналардың білімге қатысуын кеңейту, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жылдық жоспар жасалды.

2024-2025 оқу жылының 13 қыркүйек күні жаңа оқу жылының басталуына байланысты жалпы мектептік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа мектеп ұжымы, ата-аналар кеңесі мүшелері мен ата-аналар, ауыл биі, Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелері, ауылдың белсенді азаматтары мен ақсақалдары қатысты. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2024-2025 оқу жылындағы өзгерістер мен толықтырулар, оқу жылы барысында оқушылар қатысатын пәндік олимпиадалар мен байқаулар туралы
2. 2024-2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша ата-аналармен бірлесе атқарылған және жүзеге асырылатын іс-шаралар туралы
3. Мектеп пен ата-аналар арасындағы келісім шарт мазмұны, мектептің ішкі тәртіп ережесі, мектеп формасына қойылатын талаптар туралы
4. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қылмыстылықты болдырмау, өмір қауіпсіздіктері ережелерін сақтау, т.б. туралы
5. Жаңа оқу жылындағы ата-аналар кеңесі мүшелерін сайлау.

Ата-аналар жиналысының шешімі негізінде 2024-2025 оқу жылындағы оқу жылының ата-аналар кеңесінің мүшелері төмендегідей құрамда бекітілді.

Кеңес төрағасы: Д.Урманов,

Мүшелері: Р.Абдуллаева, Г.Темирова, Т.Мирхамидов, А.Алибеков.

Хатшы: А.Тунгушбаева

<https://www.facebook.com/share/v/1CmfBi2n4L/>

Әрбір сыныпта да ата-аналар кеңесі мүшелері нақтылынап, мақсат міндеттері түсіндірілді.

Ата-аналар комитеті мүшелері оқу жылы барысында мектептің тәрбие бағытындағы жобаларына қатысты. Атап айтқанда «Өнегелі 15 минут», «Қауіпсіздік сағаттары», АПҚО, «Қамқор» жобасы бойынша іс-шараларға белсене қатысты. Ауылдың белсенді азаматтарымен бірлесе қайырымдылық және демеушілік жұмыстарын ұйымдастырды. «Таза Қазақстан» жобасы аясында

оқушылармен бірге мектеп аумағын абаттандыруға ат салысты: мерекелік іс-шараларға көмектесті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығына сәйкес мектеп пен ата аналар арасындағы өзара қарым қатынасты реттеу мақсатында келісім шарт жасалды. Келісім шарт мәні 1 және 10- сынып ата аналарына және жаңадан келген оқушылардың ата-аналарына түсіндірілді.

Оқу жылының қыркүйек айында отбасылық зорлық-зомбылық пен балалардың қалағалаусыз қалуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілер әлеуметтік тұрмыстық жағдайымен танысу шарасын өткізді. Психолог, әлеуметтік педагогпен бірлесе әрбір отбасына акт түзілді. Нәтижесінде : көп балалы отбасы-, аз қамтамасыз етілген отбасы-, сәтсіз жанұя-, жайсыз отбасы-0, жалдамалы үйде тұратын отбасы- екендігі анықталды. Сонымен бірге отбасында отбасы мүшелерінен басқа адамдардың бар -жоқтығы да анықталды. Сенімхатпен жүрген оқушылар жоқ екендігі анықталды.

Оқу жылының қыркүйек айында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілді. Шараға ата аналар қауымдастығы белсене қатысты. Мақсаты: мектеп оқушыларын басқалармен қарым қатынаста адал болуға, әділдікке, ынтымақ пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/16Sxc7BzG4/>

1-казан-Халықаралық қарттар күніне орай жоспарланған іс- шаралар өз уқытында ұйымдастырылып, өткізілді. 1 қазан Қарттар күніне орай “Қарты бар ел- қазыналы ел” атты шара өткізілді. Сынып жетекшілер «Қарттарым аман -сау жүрсін» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Қарттарымызға, олардың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне сый-құрмет көрсету мақсатында мектептің 6-11 сынып оқушылары үйлеріне баарып құттықтау шараларын өткізді.



24 қазан күні «Даналық мектебі» шеңбері аясында 5-9 сыныптың әкелер қауымымен: "Әке болудың кілті өз қолыңызда!" тақырыпта кездесу ұйымдастырып, өткізілді. Мақсаты : әкелердің отбасындағы, қоғамдағы рөлінің зор екендігіне, отбасы тәрбиесінде әке жолының ерекше екендігін ұғындыру

барысында мектептегі тәрбие мәселелері мен мектеп өміріне де ат салысуға шақыру. Іс - шараға мектеп әкімшілігі, педагогтер қауымы, ата- аналар қатысты. Іс шара барысында әкелер қауымымен түрлі жаңа, қызықты әдістер арқылы бала тәрбиесінде әкенің рөлі зор екендігі туралы айтылып, бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт-бағдар беру және жалпы бала тәрбиесіндегі қыр-сырларымен бөлісті. Сонымен қатар, кездесу барысында әкелердің бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңыздылығы арттырылып, балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы қарастырылды. Барлық әкелер қауымы белсенді қатысып, өздерінің ойларымен бөлісті.

10-сынып оқушыларының ата -аналарымен арасында татуласу қызметі аясында "Кікілжің және оны шешу жолдары" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында жақсы қарым-қатынас орнату, кікілжің мәнін түсіндіру, оқушылар арасында конфликт болдырмау және оны шешуге көмектесу.



Қараша айында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акция барысында ата аналармен «Отбасындағы мейірім мен түсіністік зорлыққа қарсы қалқан» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында балаларға қатысты зорлық - зомбылық және қатыгездік мәселелері талқыланды. Тақырып аясында пікірталас өткізу арқылы ата аналардың ойын біліп, мәселенің шешу жолын анықталды. Заман талабына сай санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.



2024-2025 оқу жылының қараша айында «Даналық мектебі» аясында «Аға қамқорлығы» мен «Азамат» клубтарының бірлесеуімен ағалармен кездесу шарасы өткізілді. Мақсаты: ағалардың інілер алдындағы жауапкершілігін арттыру, ұл балаларды ұлттық құндылықтар арқылы адалдыққа, еңбексүйгіштікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1BmMZaXCfj>

Оқу жылының барысында ата-аналармен АПҚО сабақтары жүйелі түрде өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/17ifkm3q4P/>



Тоқсандық сынып ата-аналар жиналыстарында қосымша «Қауіпсіз интернет» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың интернет кеңістігінде өз қауіпсіздігін сақтай білуіне, зиянды ақпараттың алдын алуға, онлайн ортада жауапкершілікпен және саналы түрде әрекет етуіне үйрету; ата-аналарды балалардың интернеттегі тәртібін бақылау және қолдау тәсілдерімен таныстыру.



2024-2025 оқу жылының 3 желтоқсан күні ата-аналарға арналған «Ашық есік күні» өткізілді. Мақсаты, мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасау, баланың мектептегі жетістіктері мен даму барысын таныстыру арқылы ағаның тәрбиелік жауапкершілігін арттыру, өзара ашық қарым-қатынас пен сенім атмосферасын қалыптастыру. «Ашық есік күні» — таныстырылым, ашық

сабақтар, сынып сағаттары, көрмелер, жеке және топтық кеңестер түрінде өткізілді. Шара барысында ата аналар ашық сабақтарға қатысып, оқушылардың шығармашылық және ғылыми жұмыстарының көрмесін тамашалады, педагогтар мен психологтардың кеңесін алып, сынып жетекшілерімен және пән мұғалімдерімен жеке сұхбаттар жасады, рефлексия және кері байланыс парақтарын толтырды.

2024-2025 оқу жылының қаңтар айында 6-8 сынып ата аналарымен “Жасөспірім және жауапкершілік” тақырыбында дәріс өткізілді. Мақсаты: ата-аналардың жасөспірімдік кезеңдегі балалардың мінез-құлық, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері туралы түсінігін кеңейту, олардың бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыруда отбасының ролін күшейту, ата-ана мен бала арасындағы тиімді қарым-қатынасты дамытуға бағытталған ортақ стратегия жасау.



2024-2025 оқу жылының ақпан айында әлеуметтік педагог А.Мелдебекпен бірлесе бақылаудағы отбасылармен (аз қамтамасыз етілген, көп балалы, толық емес отбасылар, т.б.) жұмыс жүргізілді. Мәсқаты: оқушының қауіпсіз ортада тәрбиеленуін қамтамасыз ету, отбасындағы әлеуметтік-психологиялық қиындықтарды анықтап, қолдау көрсету, ата-ананың жауапкершілігін арттыру және баланың дамуындағы тәуекел факторларын азайту үшін мектеп, отбасы және әлеуметтік органдар арасындағы өзара әрекетті күшейту.

2024-2025 оқу жылының наурыз айында өткізілген Аналар мен қыздар мерекесіне орай өткізілген іс шараларға ата аналар белсене қатысты.

Наурыз мерекесіне орай өткізілген наурызтой мерекесіне ауылдың ақсақалдары, ауыл биі, Әжелер алқасы, ата-аналар шақырылды.



2024-2025 оқу жылының наурыз айында көктемгі демалысқа байланысты сынып жетекшілері ата-аналарға оқушылардың өмір қауіпсіздік ережелерін сақтауы туралы нұсқаулықтар өткізді.

Максаты: ата-аналардың балалардың өмірі мен денсаулығын қорғаудағы жауапкершілігін арттыру, тұрмыста, мектепте, жолда, интернетте және төтенше жағдайларда қауіпсіздік талаптарын сақтау туралы ақпараттандыру, сондай-ақ балаларға қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруда ата-ананың рөлін күшейту.

2024-2025 оқу жылының сәуір айында ДТЖЖО А.Тунгушбаева мен психолог М.Адилова мектепте буллингтің (қорлау, мазақ ету, қысым көрсету) алдын алу үшін ата-аналардың ақпараттылығын арттыру, балалардың қауіпсіз ортада тәрбиеленуін қамтамасыз ету, ата-ана-мектеп-бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту және ата-аналардың буллинг жағдайларын ерте анықтап, дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру мақсатында ата-аналарға кеңес өткізді.



2024-2025 оқу жылының мамыр айының 20 күні оқу жылының қорытынды жалпы жиналысы өткізілді. Жиналыста қаралған мәселелер:

1. Оқу жылының қорытындысы.

- 2024 2025 оқу жылындағы оқу жетістіктері (үлгерім, сапа,білім көрсеткіштері)
- Пән олимпиадалары,байқаулар мен спорттық жарыстардағы жетістіктер.
- Үздік оқушылар мен ата аналарды марапаттау.

2. Тәрбиелік жұмыстардың қорытындысы:

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында атқарылған тәрбиелік іс шаралар.
- Мектептің ішкі тәртібінің сақталуы, сабаққа қатысу деңгейі, мектеп формасының сақталуы, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған шаралар нәтижесі.

3. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

- Жазғы метеп жанындағы және қала сыртындағы лагерлер, қауіпсіздік ережелері.
- Оқушылардың жазғы уақытта пайдалы іспен айналысуын қадағалау.

4. Балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау.

- Су айдындарында, жолда, интернеттегі қауіпсіздік ережелері.

5. Ата аналармен байланыс және жауапкершілік

6. Келесі оқу жылына дайындық.

Жиналысқа мектеп ұжымы, ауыл биі А.Досметов, ауыл ақсақалдар кеңесі төрағасы Р.Байметов, ата аналар кеңес төрағасы Д.Урманов, кеңес мүшелері,ата аналар қатысты. Ата аналар мектептің оқу жылындағы жұмысына оң баға беріп, келесі оқу жылына ата-аналардың мектеппен жүйелі байланыс орнатуы,оқушы тәрбиесіне қатысты мәселелерді бірлесе шешу, ата-аналардың мектеп өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді жандандыру туралы өз ұсыныстарын айтты.

Жыл көлемінде атқарылған ата-аналармен жұмыс келесі нәтижелерімен қол жеткіздік:

- Мектеп пен ата-ана арасындағы өзара түсіністік нығайды.
- Оқушылардың тәртібінде, сабаққа қатысуында және үлгерімінде оң нәтижелер байқалды.
- Ата-аналардың тәрбиелік үдеріске қатысы артты.
- Қауіп-қатер тобына кіретін оқушылармен жұмыс жақсарды, бақылау күшейтілді.
- Мектептегі жалпы тәрбие жұмысының сапасы жоғарылады.

Қорытынды

2024–2025 оқу жылы ата-аналармен жұмыс тиімді ұйымдастырылды. Алдағы оқу жылында жұмысты одан әрі жетілдіру үшін ата-аналарды мектеп өміріне белсенді қатыстыру, тәрбиелік жобаларды көбейту, цифрлық ата-аналық мәдениетті көтеру бағыттарында жұмыстар жалғастырылады.

Орындаған ДТЖЖО А.Тунгушбаева

